

**Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы**  
**Өңірлік кеңестің кеңейтілген отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

**Қызылорда қаласы**

**№08**

**2019 жылғы 08 қараша**  
**сағат 15.00**

*«Бастау» бизнес орталығы, мәжіліс зал*  
*Желтоқсан к-сі 12, 11-қабат*

**Төрағалық еткен:** Абызов Діلمұхамед Мнуарбекұлы,  
Өңірлік кеңестің төрағасы  
**Қатысқандар:** Өңірлік кеңестің мүшелері  
(*тізім бойынша*)  
**Өткізу нысаны:** бетпе-бет отырыс

**Күн тәртібі**

- 1. Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының Аудандық филиалдарымен «Bastau Бизнес» және «Жас кәсіпкер» жобаларының жүзеге асырылуы бойынша атқарылған жұмыстарының есебі*
- 2. ҚР Тәуелсіздік күніне орай марапаттауға ұсыну үшін бизнес-қауымдастық өкілдері мен кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері арасынан кандидаттарды келісу*

**I. «Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының Аудандық филиалдарымен «Bastau Бизнес» және «Жас кәсіпкер» жобаларының жүзеге асырылуы бойынша атқарылған жұмыстарының есебі**

*(Д.Абызов, Ғ.Жақсылықов, Т.Бисембаев, Б.Балмаханов, С.Ажмолдаев, И.Шағыртаев, ...)*

1. «Bastau Бизнес» және «Жас кәсіпкер» жобаларының жүзеге асырылуы бойынша Кәсіпкерлер палатасының Қаржылай емес қолдау бөлімінің бастығы Ф.Абжаппаровтың, Шиелі аудандық филиал директоры Р.Нысанхановтың, Арал аудандық филиал директоры және Қазалы аудандық филиал директорының м.а. Қ.Еңсеповтың, Қармақшы аудандық филиал директоры А.Ермекбаевтың, Байқоңыр қаласының филиал директоры

А.Өтегеновтың, Жалағаш ауданындық филиал директоры С.Кариповтың, Сырдария аудандық филиал директоры Е.Әбдікеровтың, Жаңақорған аудандық филиал директоры М.Нұртазаевтың хабарламалары қаперге алынсын.

**2. Қаржылай емес қолдау бөлімінің бастығы Ф.Абжаппаров және аудандық филиал директорлары (Қ.Енсепов, А.Ермекбаев, С.Карипов, А.Өтегенов, Е.Әбдікеров, Р.Нысанханов, М.Нұртазаев):**

2.1. қала көлемінде және аудандар бойынша іске асырылып жатқан «Bastau Бизнес» және «Жас кәсіпкер» жобалары аясында сапалық және сандық көрсеткіштеріне жетуді қамтамасыз етсін;

2.2. Бизнесісті сервистік қолдау бағыты, «Бизнес мектеп», «Бизнес-Өсу», «Тәлімгерлер тарту арқылы жобалық оқыту», «Іскерлік байланыс», «Аға сеньорлар» компоненттері бойынша жоспардың орындалуын қамтамасыз етсін;

2.3. Облыс бойынша оқудан өтетін барлық қатысушыларға «Тыңдаушы жадынамасын» таныстырып, арнайы журналға қол қойдыру арқылы таратуды ұйымдастырсын (*мерзімі – тұрақты түрде*);

2.4. Жобалардың жүзеге асырылу сатыларындағы тиісті қызметкерлердің жұмысына бақылауды күшейтіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдап және оларды алдын алуға бағытталған шараларды қабылдасын (*мерзімі – тұрақты түрде*).

**3. Қаржылай емес қолдау бөлімінің бастығы мен аудандық филиал директорларына бизнес-тренерлердің, тұлғалық даму кеңесшілердің, грант мониторингісі бойынша кеңесшілердің, қала/аудан үйлестірушілерінің іс әрекеттеріне жеке жауапкершілігі ескертілсін.**

4. Осы тапсырмалардың орындалуы жөнінде ақпаратты 1 ай мерзім ішінде жолдасын.

## **II. ҚР Тәуелсіздік күніне орай марапаттауға ұсыну үшін бизнес-қауымдастық өкілдері мен кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері арасынан кандидаттарды келісу**

---

*(Д.Абызов, Ғ.Жақсылықов, Б.Нұрхожаев, А.Керімқұлова, Е.Раимов, М.Сәрсенбаев, ...)*

1. Аталған сұрақ бойынша жан-жақты талқылау қорытындысымен шешім қабылданды:

**ҚР Тәуелсіздік күніне орай марапаттауға келесі кандидаттар ұсынылсын:**

- 1) Нұрхожаев Болат Жолтайұлы – «Ісіне адалдығы үшін» медалі;
- 2) Алмашева Манат Тамабайқызы – Құрмет грамотасы;
- 3) Мишукова Наталья Валентиновна – Құрмет грамотасы;
- 4) Джуманова Айгүл Ақылбекқызы – Алғыс хат;
- 5) Абдалимова Гүлжанар Базарбекқызы – Алғыс хат;
- 6) Пірманова Алма Аманбайқызы – Алғыс хат.

**Төраға**



**Д.АБЫЗОВ**

**Директор**



**Ғ.ЖАҚСЫЛЫҚОВ**